

Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған

**№3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының
2023-2024 оқу жылының қараша айында өткен педагогикалық кеңесінің
№2 хаттамасы**

Күні: 10.11.2023
Уақыты: сағ 15:00

Қатысқандар: 28
Қатыспағандар:
Себепті:
Себепсіз:

Тақырыбы: «Табысты оқушыны тәрбиелеу – мұғалімнің басты міндеті:

I тоқсан бойынша оқушылардың зияткерлік жарыстардағы жетістіктері мен нәтижелері»

Күн тәртібі:

1. Тамыз айының педагогикалық кеңесінде қабылданған шешімнің орындалуы барысы
2. I тоқсандағы оқушылар қозғалысы, оқушылар үлгерімі мен білім сапасының талдауы.
3. 9-11 сынып білім алушыларының қорытынды аттестаттауы.
- 11- сынып «Алтын белгі», «Үздік аттестат» ,9-сынып «Үздік» аттестатқа үміткер оқушыларды анықтау.
- 7,8,10 сынып білім алушыларының қазақ тілі пәнінен емтихан тапсыру уақытын бекіту.
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: Мукашева А.Б.
4. Баяндама: Табысты оқушыны тәрбиелеу – мұғалімнің басты міндеті: I тоқсан бойынша оқушылардың зияткерлік жарыстардағы жетістіктері нәтижелері.
5. Педагогтарды аттестаттаудың жобасымен таныстыру.
Директордың бейінді жөніндегі орынбасары: Туйгунбекова М.К.
6. Пәндік олимпиадаға дайындау әдістемесі
Физика пәні мұғалімі: Болатов Б.Ж.
7. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жұмысы туралы.
8. Мектептегі қауіпсіздік шараларының ұйымдастырылуы.
Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары: Кайржанова М.Н.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша №1 педагогикалық кеңес қаулысының орындалуы бойынша мектеп директорының орынбасарлары А.Мукашева, М.Туйгунбекова, М.Кайржанова №1 педагогикалық кеңесте жоспарланған жұмыстардың толық нәтижелі орындалуын атап өтті.
2. Екінші мәселе бойынша оқу ісінің орынбасары А.Мукашева I оқу тоқсанының білім сапасының сыныптар мен пәндер бойынша мониторингін ұсынды. I оқу тоқсанында мектеп жарлығысы бойынша үш сабақтан артық пәннен тоқсандық қанағаттанарлық баға шыққан оқушылардың ата-аналарына ескерту берілуі ұсынылды.
3. Үшінші мәселе бойынша оқу ісінің орынбасары А.Мукашева 2023-2024 оқу жылында қорытынды аттестату өткізілу мерзімдері және тапсыратын пәндері бойынша айтылды.
4. 9-сыныптар үшін: қазақ тілі/орыс тілі және өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін - жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2024 жылғы 29 мамыр;
2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2024 жылғы 3 маусым;
3) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ

тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2024 жылғы 6 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2024 жылғы 10 маусым;

11- сыныптар үшін:

1.Қазақ/орыс тілі бойынша және өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде білім беретін мектептер/ сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан- 2024 жылғы 28 мамыр;

2.Алгебра және анализ бастамалары пәнінен жазбаша емтихан- 2024 жылғы 31 мамыр;

3.Қазақстан тарихынан ауызша емтихан- 2024 жылғы 4 маусым;

4. Қазақ тілінде оқытатын мектептерде орыс тілі және әдебиетінен жазбаша емтихан- 2024 жылғы 7 маусым;

5.Таңдау пәні (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері,әдебиет, шет тілі, информатика) бойынша жазбаша емтихан- 2024 жылғы 11 маусым;

11- сынып «Алтын белгі»,«Үздік аттестат» ,9-сынып «Үздік» аттестатқа үміткер оқушыларды анықтау мақсатында мектеп ұжымын бұйрықпен таныстырылды.

Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 мамырдағы №193 бұйрығына сәйкес 2022 жылғы 1 қыркүйектен бастап жалпы орта білім туралы «алтын белгі» аттестатын, жалпы орта білім туралы үздік аттестатын және негізгі орта білім туралы үздік аттестатын алуға

Ү
Енгізілген өзгерістерге байланысты Үміткердің негізгі орта білім туралы үздік аттестаты және жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларына немесе «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының оқу бағдарламаларына сәйкес 10 (11) - 11 (12) сыныптардағы оқу кезеңінде барлық пәндер бойынша тоқсандық, жылдық және қорытынды бағалары «5» болуы тиіс.

Жалпы орта білім туралы үздік аттестат алуға үміткерлерге қатысты.

Қолданыстағы редакцияда нақтыланды – «Жалпы орта білім туралы аттестатқа қосымшаға енгізілетін пәндерден «5» алған және 10 (11) - 11 (12) сыныптардағы оқу кезеңінде барлық пәндер бойынша жылдық, қорытынды бағалары «5» болған 11 (12) сынып бітірушілеріне № 9 бұйрықпен бекітілген нысанға сәйкес жалпы орта білім туралы үздік аттестат беріледі

Негізгі орта білім туралы үздік аттестат алуға үміткерлерге қатысты.

Енгізілген өзгерістерге байланысты Үміткердің 5-9 (10) сыныптар аралығындағы оқу кезеңінде барлық пәндер бойынша жылдық бағалары «5» болуы тиіс. Жаңа талаптар 2022 жылдың 1 қыркүйегінен бастап күшіне енгендіктен, негізгі орта білім туралы үздік аттестатқа үміткердің 6-8 сыныптарда (жылдық бағаларында «4» болуы мүмкін, 9 сыныпта барлық пәндер бойынша жылдық бағалар «5» болуы тиіс.Тиісінше, жылдық бағасында «4» болуы мүмкін: 2023-2024 оқу жылы – 6-8 сыныптарда, 2024-2025 оқу жылы – 7-8 сыныптарда, 2025-2026 оқу жылы – 8 сыныпта.

«Алтын белгіге» және «Үздік» аттестатқа үміткер оқушылар тізімі ұсынылды.

7,8,10 сыныптарда қазақ тілі пәнінен емтихан тапсыру ежелерімен таныстырылды.Қазақ тілі бойынша емтихан білім алушылардың бағдарламалар мазмұнын меңгеруін бағалау мақсатында негізгі орта (5-8 сыныптар), жалпы орта (10 сынып) деңгейінде академиялық жыл аяқталған кезде қазақ тілінде оқытатын мектептерде "Қазақ тілі" пәні бойынша және қазақ тілінен басқа тілде оқытатын мектептерде "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәні бойынша МЖМБС-қа (тыңдалым (тыңдау), айтылым, оқылым, жазылым) сәйкес жазбаша және ауызша нысанда өткізіледі.Емтиханды өткізу уақыты білім беру ұйымының педагогикалық кеңесімен айқындалады, тапсырмаларды академиялық адалдық қағидаттарын сақтай отырып, педагогтер құрастырады және білім беру ұйымының әкімшілігі бекітеді. "Қазақ тілі", "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәндері бойынша қорытынды баға емтихан (бес балдық шкала бойынша) және жылдық бағалау (бес балдық шкала бойынша) нәтижелері негізінде 30-дан 70-ке пайыздық арақатынаста қойылады. Қорытынды бағалау ең жақын бүтінге қарай дөңгелектеледі.

е

р

)

қ

4.Төртінші мәселе бойынша директордың бейіндік жөніндегі орынбасары М.Туйгунбекова Табысты оқушыны тәрбиелеу – мұғалімнің басты міндеті тақырыбында баяндама оқып, I тоқсан бойынша оқушылардың зияткерлік жарыстардағы жетістіктері нәтижелері айтып өтті.

5. Бесінші мәселе бойынша Педагогтарды аттестаттаудың жобасымен таныстырылды.

6.Алтыншы мәселе бойынша физика пәні мұғалімі пәндік олимпиадаға дайындау әдістемесімен пән мұғалімдерге таныстырылым жасады.

7.Жетінші мәселе бойынша .«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жұмыс бағдарламасымен таныстырыл жасалып, әр сенбі 7-11 сынып оқушыларының ата-аналарына арналған сабақтар, іс-шаралар өтілуі айтылды.

8.Сегізінші мәселе Мектептегі қауіпсіздік шараларының ұйымдастырылу жоспарымен және бұйрықтарымен таныстылып, атқарылған іс-шаралар бойынша есеп берілді.

Педагогикалық кеңестің қаулысы:

1. I оқу тоқсанындағы білім сапасы төмен пәндер оқу процесінің бақылауға алынсын. 7 А,7Б,7В,9А,9Б,10А,10Б сыныптарында оқу сапасы бақылауға алынсын.
2. Бір пәннен «3», «4»- ке шыққан оқушылармен пән мұғалімдері сынып жетекшілерімен байланыса отырып, жеке жұмыс жасалынсын.
3. 7 А,7Б,7В,9А,9Б,10А,10Б сыныптарында білім сапасын көтеру мақсатында Lesson study» зерттеу сабақтары жүргізілсін
4. ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығы негізінде «Алтын белгі» және «Үздік аттестатқа» үміткерлер тізімі бекітілсін.
- 5.7,8,10 сынып білім алушыларының қазақ тілі пәнінен емтихан тапсыру уақыты бекітіліп, дайындық жұмыстары жүргізілсін
6. Олимпиадалық резервтегі және оқушылармен дайындық жұмыстары нәтижеге бағытталып , жүргізілсін.
7. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жұмыс жоспарына сәйкес ұйымдастырылсын.
8. Мектептегі қауіпсіздік шараларына құрылған жоспарға сай жұмыстар атқарылсын.

Төрайымы:
Хатшы:

А.Курмашева
Н.Сабиева